

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
Басқарушы кеңесінің  
2017 жылғы «26» қыркүйектегі  
№ 26.09.17 қорытындысымен  
мақұлданған

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
Академиялық кеңесінің  
2017 жылғы «20» қыркүйектегі  
№ 02 шешімімен бекітілген

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
Провостының 2017 жылғы  
«27» қыркүйектегі № 55-н/қ  
шешімімен бекітілген

**УНИВЕРСИТЕТ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСПЕЙ-АҚ, «НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ»  
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БАКАЛАВРИАТ  
БАҒДАРЛАМАСЫНА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

*(2019 жылдың 20 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)*

**Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 ж.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Университет алдындағы дайындық бағдарламасына түспей-ақ, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар):

1) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңына;

2) Жоғары қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес әзірленген.

Осы Қағидалар ауысатын студенттерді қоса алғанда, үміткерлерді қабылдау тәртібіне жалпы талаптарды белгілейді, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына қабылдау үшін үміткерлер конкурсын ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2) **апликациялық нысан** – жеке кабинетте орналастырылған бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған өтінім-сауалнама;

*3) тармақша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

3) **кепілдік жарна** – бакалавриат бағдарламасы бойынша үміткерге білім алуға арналған орынға кепілдік беретін, мөлшері Университеттің Басқарушы кеңесінің шешіміне сәйкес белгіленетін міндетті төлем;

4) **үміткер** – осы Қағидаларда көзделген талаптар мен шарттарға сай келетін және конкурсқа қатысушы Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға;

5) **колледж** – Қазақстанда жалпы орта және техникалық және кәсіптік білім беретін немесе орта білімнен кейін білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

6) **жеке кабинет** – тіркеуді жүргізгеннен кейін үміткерге Университет сайтында жеке кеңістік ұсынатын дербес online сервисі;

7) **ауысатын студент** – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түскісі келетін, орта білім алған және Қазақстанда немесе шетелде жоғары оқу орнында кемінде бір жыл оқуды аяқтаған студент;

8) **Қабылдау комиссиясы** – бакалавриат бағдарламалары бойынша қабылдау іс-шараларын іске асыру мақсатында құрылған Университет жанындағы консультациялық-кеңесші орган;

9) **бакалавриат бағдарламасы** – бакалавр академиялық дәрежесін беретін дипломмен расталатын жоғары білім беру бағдарламасы;

10) **UK Foundation Programme (Ұлыбританияның Университет алдындағы дайындық бағдарламасы)** – студенттерге жоғары оқу

орындарына/университеттерге бакалавриат бағдарламаларына түсуге мүмкіндік беретін университет алдындағы дайындықтың бір-екі жылдық бағдарламасы;

11) **Университеттің сайты** – Университеттің интернет-ресурсы, [www.nu.edu.kz](http://www.nu.edu.kz);

12) **оқуға қабылдауға келісім нысаны** – үміткерлер Университеттің бакалавриат бағдарламасына қабылданғаны туралы хабар алғаннан кейін толтыратын және қолдарын қоятын, оқуға қабылдау үшін негіз болып табылатын немесе оқуға қабылдаушылар қатарынан шығаруға негіз болып табылатын нысан;

13) **Мектеп** – бакалавриаттың академиялық бағдарламаларын іске асыратын Университеттің мектебі;

14) **A-level** (The Advanced Level General Certificate of Education – Орта білім туралы сертификат) – Англия, Солтүстік Ирландия, Уэльс, Шотландия елдеріндегі оқу орындары ұсынатын және Еуропада, АҚШ-та, сондай-ақ әлемнің басқа да көптеген бөліктерінде кеңінен танылатын, стандартты оқуды аяқтау біліктілігі. A-level екі жыл ішінде оқытылады және үміткерлердің Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия университеттерінің академиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға арналған стандартты оқуға түсу біліктілігі болып табылады;

15) **ACT** (ACT – American College Testing) – АҚШ-тың университеттері оқуға түсу емтиханы ретінде танитын, орта мектеп оқушыларының үлгерімін бағалайтын стандартталған тест. Тестіде жазбаша дағдыларды бағалайтын, ұзақтығы 30 минут қосымша бөлім көзделген (ACT жазбаша дағдыларды бағалау қорытындыларымен);

16) **ECTS** (Еуропалық кредиттерді ауыстыру және жинақтау жүйесі) – Еуропалық Одақтың және осы жүйені пайдаланатын басқа да еуропалық елдердің аумағындағы жоғары оқу орындарында студенттердің академиялық үлгерімін салыстырудың стандартталған жүйесі;

17) **IB Diploma Programme** – (International Baccalaureate Diploma Programme – Халықаралық Бакалавриаттың дипломдық бағдарламасы) – студенттерге жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламаларына түсуге мүмкіндік беретін жеделдетілген екі жылдық халықаралық білім беру бағдарламасы;

18) **IELTS** (International English Language Testing System – Ағылшын тілі бойынша халықаралық тестілеу жүйесі) – Британдық Кеңес, Кэмбридж Университеті ESOL және IDP Education Pty Ltd әкімшілік ететін, ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

19) **QS World University ranking** – Quacquarelli Symonds (QS)-та жарияланатын және жалпы рейтингті, сондай-ақ жекелеген пәндер бойынша рейтингті қарайтын университеттердің жыл сайынғы әлемдік рейтингі;

20) **SAT Reasoning Test** (Академиялық қабілеттілікті анықтауға арналған емтихан) – АҚШ-тың жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған стандартталған тест. Тест студенттердің жоғары оқу орнына түсуге

дайындығын бағалауға арналған. SAT Reasoning Test үш бөлімнен тұрады: математика, мәтінді талдау және жазу;

21) **SAT Subject Test** (Пәндік тест) – студенттердің АҚШ-тың жоғары оқу орындарының бакалавриат бағдарламасына түсуге белгілі бір пәндерді меңгеру қабілеттілігін бағалауға арналған стандартталған тест. Бес пәндік бағыт: ағылшын тілі, тарих, тілдер, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша 20 пәндік тест бар;

22) **Times Higher Education World University Rankings** – Британияның Times Higher Education журналында жарияланатын және жалпы рейтинг пен пәндер бойынша рейтингті қарайтын университеттердің жыл сайынғы әлемдік рейтингі;

*23) тармақша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

23) **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language – шет тілі ретіндегі ағылшын тілі бойынша халықаралық тест жүйесі) – TOEFL iBT (Internet-based Test) және TOEFL PDT (Paper-delivered Test) нысандар болып табылатын Educational Testing Service (ETS) (Принстон, Нью-Джерси, АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

*2-тармақ Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес 24) тармақшамен толтырылған*

24) **Superscoring** – ең жоғары жалпы балл алу үшін екі немесе одан да көп сертификаттардың барлық емтихан бөлімдері бойынша ең жоғары балдарды пайдалану.

## **2. Бакалавриат бағдарламасына қабылдау шарттары мен тәртібі**

3. Бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Конкурсты өткізу мен құжаттарды қабылдау мерзімдерін жыл сайын Қабылдау департаментінің келісімі бойынша Университет Мектептерінің декандары бекітеді және Университеттің сайтында орналастырылады.

5. Конкурсқа келесі санаттың біреуіне жататын үміткерлер қатысуы мүмкін:

*1) және 2) тармақшалар Академиялық кеңестің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №14 шешіміне және Провосттың 2018 жылғы 03 қаңтардағы №01-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

1) жалпы орта білім беру мектебін бітіргені туралы аттестаты немесе оның шетелдік баламасы, колледжді, IB Diploma Programme, A-Level, UK Foundation Programme, NIS Grade 12 Certificate бітіргені туралы дипломдары/сертификаттары бар түлектер;

2) жалпы орта білім беру мектебінің (немесе оның шетелдік баламасының), колледждің, IB Diploma Programme, UK Foundation Programme, NIS Grade 12 Certificate-те соңғы жыл білім алып жүрген оқушылар;

3) жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алудың кемінде бір жылын жалпы орташа академиялық үлгерімі (CGPA) 4,0-балдық жүйесі бойынша кем дегенде 3,0 балымен табысты аяқтаған студенттер.

Бұл ретте осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар мына жағдайларды қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- үміткер соңғы үш жылда халықаралық пән олимпиадаларының алтын, күміс немесе қола медальдарын немесе осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ағымдағы жылғы республикалық пән олимпиадаларының алтын, күміс немесе қола медальдарының иегері болса. Осы үміткерлер конкурсқа қатысу үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтайтын IELTS немесе TOEFL тестілерінің нәтижелерін ұсынады;

- өтініш беру сәтінде университеттердің Times Higher Education World University rankings немесе QS World University rankings әлемдік академиялық рейтингтерінің ең үздік 200 жоо-лардың қатарына кіретін, ағылшын тілінде оқытатын шетелдік жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алудың кемінде бір жылын аяқтаған үміткер-студенттер. Аталған үміткерлер SAT/AC, сондай-ақ IELTS/TOEFL нәтижелерін ұсынудан босатылады.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген үміткерлер Университеттегі бакалавриат бағдарламасының бірінші оқу жылына қабылдауға қаралады.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген үміткерлер Университет Мектептерінің бакалавриат бағдарламасының бірінші немесе екінші оқу жылына ауысатын студенттер ретінде оқуға қабылдауға қаралады. Бұл ретте оқуға қабылдау үшін тиісті жылды Қабылдау комиссиясы белгілейді.

8. Соңғы үш жылдың ішінде ағылшын тілі мемлекеттік тіл ретінде болып саналатын елде немесе оқыту тек ағылшын тілінде жүргізілетін оқу орындарында ағылшын тілінде білім алған үміткерлер IELTS немесе TOEFL нәтижелерін ұсынудан босатылады.

9. Осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген үміткерлер үшін құжаттар тізбесіне сәйкес Университет осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген үміткерлерден бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған құжаттар топтамасын қарайды.

10. Ауысатын студенттердің кредиттерін Қабылдау комиссиясы бакалавриат бағдарламасы бойынша дайындықты жүзеге асыратын Университет Мектептеріне арналған Академиялық саясат пен рәсімдерге, сондай-ақ Университет Мектептерінің ішкі қағидаларына сәйкес оқытылған пәндердің толық сипаттамасының негізінде бағалайды. Ауыстыру

кредиттерінің ең көп саны 30 (отыз) немесе 60 (алпыс) ECTS-ті құрайды. Бұл ретте кредиттер алынған бағалары ескерілмей есепке алынады. Бұрын оқыған оқу орнында алынған бағалар академиялық орташа үлгерімді есептеу кезінде ескерілмейді.

### 3. Өтініштерді қабылдау тәртібі

11. Бакалавриат бағдарламасына түсу бойынша конкурсқа қатысу үшін үміткерге:

1) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тіркеу жарнасын алдын ала төлеп, жеке кабинетте орналастырылған аппликациялық нысанды толтыру керек. Бұл ретте тіркеу жарнасы қайтаруға жатпайды;

*2) және 4) тармақшалар Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес жойылған*

3) жеке кабинетте осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген қажетті құжаттардың тіркеу сәтіндегі сканерлеген көшірмелерін (бар болса) орналастыру;

*5) тармақша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

5) осы Қағидалардың 5-тармағында өзге көзделмесе, тест әкімшілерінен SAT, ACT тестілерінің түпнұсқаларын Университеттің мекенжайына жіберуге тапсырыс беру қажет.

12. Өтінішті толтырып және жібергеннен кейін осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген үміткерлер Қабылдау департаментінің талабы бойынша белгіленген мерзімде осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген құжаттарды қағаз нұсқада ұсынады. Құжаттар Университеттің мына пошталық мекенжайына курьерлік қызмет арқылы жіберіледі немесе қолма-қол беріледі: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 53, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы, Қабылдау департаменті.

13. Ағылшын тілінен басқа шет тілінде ұсынылатын құжаттар ағылшын тіліне аударылуы тиіс. Осы аударманың дұрыстығы нотариуспен куәландырылуы тиіс.

14. Көрінеу жалған немесе толық емес деректерді ұсыну конкурстан шығарылуға немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығарылуға әкеледі.

15. Конкурс нәтижелері бойынша апелляцияны қарау рәсімі көзделмеген.

### 4. Мектептердің Қабылдау комиссиялары

16. Мектептердің Қабылдау комиссияларының негізгі міндеттері:

1) үміткерлердің құжаттарын қарау;

2) Университетке оқуға қабылдауға ұсыным беру;



*3) тармақша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

3) халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалар жеңімпаздарымен, ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын бағалау үшін TOEFL PDT ұсынған үміткерлермен, сондай-ақ Медицина мектебінің үміткерлерімен сұхбат жүргізу;

4) осы Қағидаларда көзделген негізгі қызмет үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

17. Әрбір Мектептің Қабылдау комиссиясының құрамын тиісті Мектептің деканы ұсынады және Мектеп деканынан немесе оны ауыстыратын міндетін атқаратын тұлғадан, Мектеп өкілдерінен, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, Университет қызметкерлерінен құралады. Қабылдау комиссиясының хатшысы Мектеп қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады. Хатшының дауыс беру құқығы жоқ.

18. Әрбір Мектептің Қабылдау комиссиясының құрамы мен Қабылдау комиссиясының хатшысы Университет Провостының немесе оны ауыстыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

19. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны тақ саннан, бірақ кемінде 5 (бес) адамнан құралуы тиіс, бұл ретте отырыстар уақытында Мектептердің комиссияларының мүшелері – үміткерлердің мамандықтарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша Мектептердің оқытушылары қатысуы тиіс.

20. Университеттің Қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады және жоспарлайды.

21. Қабылдау комиссиясының төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін төрағаның орынбасары немесе Қабылдау комиссиясы мүшелерінің қатарынан Провост тағайындаған басқа тұлға атқарады.

22. Мектептердің Қабылдау комиссиясының отырыстары қажетіне орай төрағаның немесе төраға орынбасарының басшылығымен өткізіледі. Егер отырысқа Қабылдау комиссиясы құрамының басым көпшілігі қатысқан болса, Қабылдау комиссиясының кворумы бар деп саналады.

23. Қабылдау комиссиясының шешімдері отырысқа қатысқан Қабылдау комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

24. Қабылдау комиссиясының мүшелері бейне және аудио конференциялар мен басқа да интерактивті байланыс құралдары арқылы отырыстарды өткізуге, дауыс беруге және шешімдер қабылдауға құқылы. Осы құралдардың көмегімен қатысу кворумды есептегенде және шешімдер қабылдау кезінде ескеріледі. Қабылдау комиссиясының дауыс беруші мүшесі отырысқа қатысқанда қолданған интерактивті байланыс түрі Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.

25. Қабылдау комиссиясының мүшесі отырысқа осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген тәсілмен қатысқан жағдайда, хаттамаларға қол қойылып, Университеттің мекенжайына курьерлік поштамен немесе қолма-қол жіберілуі тиіс.

*26-тармақ Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

26. Қабылдау комиссиясының шешімдері соңғы болып табылады және хаттамаларда белгіленеді. Хаттамалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді және оларға Қабылдау комиссиясының төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға, отырысқа қатысқандар, мүшелері және хатшысы қол қояды. Қабылдау комиссиясының отырысының хаттамасына осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген тәсіл бойынша отырысқа қатысқан мүшелер қол қояды және мұндай мүшелердің қолтаңба көшірмесі Университетке келіп немесе Университет мекен жайына курьерлік поштамен жіберіп, хаттаманың түпнұсқасына қол қойғанша жарамды болып табылады.

27. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде Университет қызметкерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етілмеуі тиіс.

28. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамаларын Мектептің Қабылдау комиссиясының хатшысы нөмірлейді және баумен байлайды, оларды есепке алуға, сақтауға және белгіленген тәртіппен Университет мұрағатына беруге жауапты Қабылдау департаментінде тіркеледі және сақталады.

## **5. Өтініштерді қарау және бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау тәртібі**

29. Үміткердің құжаттары осы Қағидаларда көрсетілген талаптарға сай болғанда үміткер конкурсқа жіберіледі.

*29-тармақтың екінші бөлімі Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

Қабылдау комиссиясының қарауына ұсынылып қабылданған үміткерлердің құжаттары қайтаруға жатпайды. Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы және Қабылдау департаменті қосымша құжаттар сұратуға құқылы.

30. Бакалавриат бағдарламасы бойынша бакалавриат бағдарламасына түсуге үміткерлерді іріктеу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Қабылдау департаменті осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес үміткерлердің құжаттарын қарайды және оларды бакалавриат бағдарламасына бакалавриат бағдарламасына түсудің ең төменгі талаптарына сәйкестік мәніне тексереді.

Қабылдау департаменті үміткерлерді іріктеудің келесі кезеңіне қатысуға рұқсат беру алдында Қабылдау комиссиясына құжаттардың толық топтамасын беруді қамтамасыз етеді;

*30-тармақ Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес 1-1) тармақшамен толтырылған*



1-1) халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалардың жеңімпаздарын, сондай-ақ Медицина мектебінің үміткерлерін Қабылдау комиссиясының мүшелерімен өтетін сұхбатқа шақыру;

*2) тармақша Академиялық кеңестің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №14 шешіміне және Провосттың 2018 жылғы 03 қаңтардағы №01-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

*2) тармақша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

2) Қабылдау комиссиясының мүшелері үміткерлердің құжаттарын зерделейді және бағалайды, кейіннен оқуға қабылдауға ұсыным беру үшін үміткерлердің рейтингін айқындайды. Мектептердің Қабылдау комиссиялары үміткерлердің талаптарға сәйкестігін, стандартталған тестілердің нәтижелерін, осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген құжаттардың мазмұнын, сондай-ақ, қолданылған жағдайда, өткізілген сұхбат нәтижелерін негізге ала отырып, осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген үміткерлерді оқуға қабылдауға ұсынады.

IB Diploma Programme немесе NIS Grade 12 Certificate сертификат нәтижелері тең болған жағдайда Қабылдау комиссиясы үміткердің басқа академиялық жетістіктерін (халықаралық стандартталған тестілер нәтижелері, пәндік олимпиадалардағы жүлделі орындар, ғылыми-зерттеу жобаларындағы және т.б.), сондай-ақ академиялық емес жетістіктерін (спорт, әлеуметтік жұмысқа қатысу) ескеретін болады

31. Мектептердің Қабылдау комиссиялары конкурс нәтижелері бойынша және шешімдердің негізінде Қабылдау комиссиясы бекіткен рейтингіге сәйкес үміткерлерді оқуға қабылдауға ұсынады. Осы үміткерлердің электронды мекенжайына Қабылдау комиссиясының қабылдаған шешімі туралы ресми хабарлама-хат жолданады. Оқуға қабылдау талаптары хабарлама-хатта көрсетіледі. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлердің санын Қабылдау комиссиясы белгілейді.

Хабарлама-хатта көрсетілген оқуға қабылдау мерзімінің талаптарын орындамау осы Қағидаларға сәйкес үміткерді конкурсқа қатысу құқығынан айырады.

32. Университет Мектептеріне бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау бос орындар рейтингі тәртібімен конкурс қорытындылары бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

33. Оқуға қабылдауға ұсынылғандардың қатарына кірмеген, бірақ оқуға бакалавриат бағдарламасына түсу талаптарына сай келетін үміткерлерден Қабылдау комиссиясы бекітетін үміткерлердің рейтингісіне сәйкес резервтік тізім қалыптастырылады. Оқуға қабылдауға ұсынылған тізімнен немесе оқуға қабылданған үміткерлер арасынан орындар босаған жағдайда (оқуға қабылданудан немесе білім алудан бас тарту) резервтік тізімдегі үміткерлерді Қабылдау комиссиясы Университеттің бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдауға ұсынуы мүмкін.

34. Қабылдау комиссиясы оқуға қабылдауға ұсынған, шақыру-хаттар алған үміткерлер Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген кепілдік

жарнаны алдын ала төлеп, оқуға қабылдауға келісімнің тиісті нысанын Университетке жіберу арқылы шақыру-хаттарда көзделген мерзімде Университетте білім алуға шақыруды қабылдағаны немесе бас тартқаны туралы ресми хабарлайды.

35. Оқуға қабылдауға ұсынылмаған үміткерлерге қабылданған теріс шешім туралы хабарлама-хат жіберіледі.

*36-тармақ Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған*

36. Үміткерлерді оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен ресімделеді.

Университеттің Қабылдау департаменті оқуға қабылдау туралы шешімді дайындайды.

*37-тармақ Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес жойылған*

38. Үміткерлерге Университеттің білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ ақылы оқуға қабылдау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

## **6. Қорытынды ережелер**

39. Осы Қағидаларда регламенттелмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

---

*1-қосымша Академиялық кеңестің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №14 шешіміне сәйкес және Провосттың 2018 жылғы 03 қаңтардағы №01-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.*

*1-қосымша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.*

Университет алдындағы дайындық бағдарламасына түспей-ақ, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидаларына 1-қосымша

## **Назарбаев Университетінің мектептеріне бакалавриат бағдарламасына оқуға түсу конкурсына қатысуға қойылатын ең төменгі талаптар**

**1) Орта мектептердің (немесе оның шетелдік баламасы), UK Foundation Program, колледждің түлектері және/немесе соңғы жылда білім алып жүрген оқушылары және A-level бағдарламасының түлектері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының студенттері үшін ең төменгі талаптар**

<b>Мектептер</b>	<b>SAT Subject Test үшін ең төменгі талаптар</b>	<b>IELTS немесе TOEFL үшін ең төменгі талаптар</b>	<b>SAT Reasoning Test және ACT үшін ең төменгі талаптар</b>
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі	Талап етілмейді	IELTS – жалпы балл 7.0-ден кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 94-101 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 600-629	SAT Reasoning Test – 1240 кем емес (2016 жылғы наурыздан бастап). Эссе міндетті болып табылады, ең төменгі балл белгіленбейді  немесе
Ғылым және технологиялар мектебі	SAT Subject Test – математика немесе физика, немесе компьютерлік ғылымдар немесе робот техникасы және мехатроника мамандықтары бойынша үміткерлер үшін әр пән бойынша 600-ден кем емес немесе SAT Subject Test – химия және биология, химия немесе биология ғылымдары мамандықтары бойынша үміткерлер үшін әр пән бойынша 600-ден кем емес	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 79-93 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 574-599	ACT with writing part – жалпы балл (composite score) кем дегенде 27. Бұл ретте жазбаша бөлімге ең төменгі балл белгіленбейді.
Инженерия мектебі	SAT Subject Test – математика және физика пәндері, әр пән бойынша 600-ден кем емес	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 79-93 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening)	

		– 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 574-599	
Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі	SAT Subject Test – математика және физика пәндері, әр пән бойынша 600-ден кем емес	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 79-93 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 574-599	
Медицина мектебі	Талап етілмейді	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 79-93 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 574-599	

**2) IB Diploma Programme –ның түлектері және оқушылары үшін ең төменгі талаптар**

Мектептер	IELTS және TOEFL үшін ең төменгі талаптар	IB DP үшін балдар бойынша ең төменгі талаптар
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі	IELTS – жалпы балл 7.0-ден кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 94-101 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 600-629	кем дегенде 30 жалпы балл және ілгері деңгейдегі 3 пән бойынша 4, 4, 5
Ғылым және технологиялар мектебі, Инженерия мектебі Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі, Медицина мектебі	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 79-93 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 574-599	

### 3) NIS Grade 12 Certificate иегерлері - түлектері үшін ең төменгі талаптар

Мектептер	IELTS және TOEFL үшін ең төменгі талаптар	NIS Grade 12 Certificate бойынша ең төменгі талаптар
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі	IELTS – жалпы балл 7.0-ден кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 94-101 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 600-629	кем дегенде ABB
Ғылым және технологиялар мектебі, Инженерия мектебі Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі, Медицина мектебі	IELTS – жалпы балл 6.5-тен кем емес (әрбір секция бойынша 6.0-ден кем емес) немесе TOEFL iBT - 79-93 (оқу (reading) – 13-тен кем емес, тыңдау (listening) – 12-ден кем емес, сөйлеу (speaking) – 18-ден кем емес, жазу (writing) – 21-ден кем емес) немесе TOEFL PDT* - 574-599	

\* TOEFL PDT ресми IELTS және TOEFL iBT жүргізілмейтін елдерден келген шетелдік үміткерлерден ғана қабылданады.

Университет алдындағы дайындық бағдарламасына түспей-ақ, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидаларына 2-қосымша

### **Халықаралық пән олимпиадаларының тізбесі**

1. Математикадан халықаралық олимпиада (IMO)
2. Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO)
3. Химиядан халықаралық олимпиада (IChO)
4. Биологиядан халықаралық олимпиада (IBO)
5. Информатикадан халықаралық олимпиада (IOI)
6. Арнайы мамандандырылған мектептердің математикадан, физика мен информатикадан Халықаралық Жәутіков олимпиадасы
7. Мектеп оқушыларының химиядан Халықаралық Менделеев олимпиадасы

### **Қазақстан Республикасының республикалық пән олимпиадаларының тізбесі**

1. Математикадан республикалық олимпиада
2. Физикадан республикалық олимпиада
3. Химиядан республикалық олимпиада
4. Биологиядан республикалық олимпиада
5. Информатикадан республикалық олимпиада



*3-қосымша Академиялық кеңестің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №14 шешіміне және Провосттың 2018 жылғы 03 қаңтардағы №01-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.*

*3-қосымша Академиялық кеңестің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №26 шешіміне және Провосттың 2019 жылғы 20 мамырдағы №51-н/қ шешіміне сәйкес редакцияда жазылған.*

Университет алдындағы дайындық бағдарламасына түспей-ақ, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасына оқуға қабылдау қағидаларына 3-қосымша

### **Үміткерлер үшін құжаттардың тізбесі**

1. Апликациялық нысан.
2. Паспортының немесе жеке куәлігінің, немесе 16 жасқа толмаған үміткерлердің тууы туралы куәлігінің нотариалдық куәландырылған көшірмесі.
3. Қосымшамен бірге жалпы орта, техникалық және кәсіби немесе орта білімнен кейінгі немесе бакалавр дипломы (құжаттарды тапсыру мерзімінде бар болған жағдайда).
4. NIS Grade 12 Certificate сертификаты немесе қағаз нұсқадағы құжатты кейіннен ұсыну міндетімен мектеп растаған бағалары бар оның болжамды нәтижелері (тек қана NIS Grade 12 Certificate иегерлері - түлектері үшін).
5. Қосымшасы бар IB Diploma Programme-ды аяқтағаны туралы диплом немесе мектеп қағаз нұсқадағы құжатты кейіннен ұсыну міндетімен мектеп растаған бағалары бар оның болжамды нәтижелері (тек қана IB Diploma Programme-ның түлектері үшін).
6. Үміткердің/Студенттің дербес деректерін өңдеуге келісімнің қол қойылған нысаны.
7. Фотосурет\* 3x4 – 1 дана.
8. Эссе ағылшын тілінде.
9. Жазбаша бөлімнің нәтижелерімен SAT Reasoning Test\*\* немесе жазбаша бөлімнің нәтижелерімен ACT\*\* қолданыстағы (құжаттарды онлайн түрде тапсыру кезінде 3 жылдан астам емес) ресми сертификаты немесе қағаз нұсқадағы сертификаттың түпнұсқасы кейіннен ұсынылатын, оның электронды нұсқасы. Үміткер қолданыстағы бірнеше SAT Reasoning Test сертификатын ұсынған жағдайда Superscoring қолданылады.
10. IELTS\*\* немесе TOEFL\*\* қолданыстағы (құжаттарды онлайн түрде тапсыру кезінде 2 жылдан астам емес) ресми сертификаты немесе қағаз нұсқадағы сертификаттың түпнұсқасы кейіннен ұсынылатын, оның электронды нұсқасы.
11. SAT\*\* (SAT Subject Test) пәндік тестілерінің нәтижелері бар қолданыстағы (құжаттарды онлайн түрде тапсыру кезінде 3 жылдан астам емес) ресми сертификаты немесе сертификаттың қағаз түпнұсқасы кейіннен ұсынылатын, оның электронды нұсқасы (Ғылым және технологиялар

мектебінің, Инженерия мектебінің және Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің үміткерлері ғана ұсынады). Үміткер қолданыстағы бірнеше SAT Subject Test сертификатын ұсынған жағдайда, Superscoring қолданылады.

12. Халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалар дипломының/сертификатының нотариалды куәландырылған көшірмесі (осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген олимпиадалардың жеңімпаздары ғана ұсынады).

13. Университеттен білім берудің түпнұсқа тілдегі және ағылшын тіліндегі ресми транскрипт немесе қағаз нұсқадағы құжаттың түпнұсқасы кейіннен ұсынылатын, оқу орны растаған бағалары бар оның болжамды нәтижесі (осы Қағидалардың 5-тармағының 3-тармақшасына сәйкес үміткер-студенттер ғана ұсынады).

14. Оқытылған курстардың (пәндердің) екі тілдегі сипаттамасы: түпнұсқа тілде және ағылшын тілінде (осы Қағидалардың 5-тармағы 3-тармақшасына сәйкес үміткер-студенттер ғана ұсынады).

15. Ағылшын тіліндегі екі ұсыным хат (ауысатын студенттер ғана ұсынады).

16. Білім алу кезеңі бойы қолданылу мерзімімен медициналық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің көшірмесі\* (шетел азаматтары және азаматтағы жоқ тұлғалар үшін ғана).

17. Келесі деректер көрсетілген оқу орнының анықтамасы (өтініш беру сәтінде орта мектепте соңғы жыл оқитын оқушылар болып табылатын үміткерлер үшін ғана):

- 1) үміткердің толық аты-жөні;
- 2) оқитын сыныбы/курсы;
- 3) оқу орнын аяқтаған күні;
- 4) оқуды аяқтағаны туралы ресми құжатты алған күні;
- 5) оқу орны басшысының қолы;
- 6) оқу орнының мөрі;
- 7) анықтама берілген күн.

18. Оқуға қабылдауға келісім нысаны

\* Оқуға алу сәтінде ұсынылады

\*\* Құжатты ұсыну сәтінде *Times Higher Education World University* немесе *QS World University rankings* университеттердің әлемдік академиялық рейтингтерінің ең үздік 200 ЖОО-лар қатарына кіретін, ағылшын тілінде білім беретін шетелдік жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы бойынша оқудың кемінде бір жылын табысты аяқтаған үміткерлер үшін міндетті емес.